



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне кейс-менеджмент
стандарттарын енгізу мәселелері»**

**атты on-line ғылыми-тәжірибелік конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

On-line научной конференции

**«Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в
практику социальной работы»**

PROCEEDINGS

On-line Scientific Conference

for students and young scholars

**«Issues of implementation of standards and case
management in social work experience»**

2019 жыл 11 сәуір

Нұр-Сұлтан

УДК 364

ББК 65.272

Ә 53

«Әлеуметтік жұмыс тәжірибіесіне кейс-менеджмент стандарттарын енгізу мәселелері» On-line ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Международная научно-практическая On-line конференция: «Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы»

On-line scientific-practical conference on «Issues of implementation of standards and case management in social work experience». <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2019. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

В сборнике представлены доклады преподавателей, магистрантов, докторантов, молодых ученых и студентов по актуальным вопросам профессиональной подготовки обучающихся по социальной работе в аспекте проблем внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы.

Для преподавателей и студентов по направлению подготовки «Социальная работа», практиков социальной защиты, а также всех интересующихся современными проблемами подготовки кадров высшей школы.

Редакционная коллегия:

Отар Эльмира Сәкенқызы - доктор PhD, и.о.доцента, заведующий кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Урузбаева Гаухар Тлеубердыевна - к.пед.н., доцент, и.о.профессора кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Есимова Динара Габиболлаевна - доктор PhD, и.о.доцента кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исаханова Асель Алимахановна - доктор PhD, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исахова Гулазия Дуйсенхановна – магистр, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Досмурзаева Динара Онгаровна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Манжугулова Айгерим Ерлановна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Капин Батина -магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Аубакирова Аягоз Каиртайевна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Шанбаева Гульназ Нурдыгуловна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша ОӘБ РОӘЖ. УМО РУМС по специальности «Социальная работа» . 6В10-7М10-7R10-8D09 Здравоохранение и социальное обеспечение (Медицина). 102- Социальное обеспечение.

МАЗМҰН

1. **Умирзакова М.А., Бауыржан С.**
Өмірдің қиын жағдайына түскен отбасы балаларына әлеуметтік қызмет көрсету5
2. **Зәкіртай Ұ.Н.**
Әлеуметтік мекемелердегі қарттардың тынығу ерекшеліктері.....9
3. **Кажығалиева А.Б.**
Балаларға арналған сенім телефоны әлеуметтік жұмыстың формасы ретінде.....13
4. **Қалдышева Т.Ж., Абдрашева Б.Ж., Сәрсен А.С.**
Халықтың осал топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуының алдын-алу бағдарламаларын жүзеге асыратын мекемелердегі әлеуметтік жұмыстың кейс-менеджменті.....19
5. **Қуатова А.С.**
Еріктілер қызметі қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қызмет ретінде.....24
6. **Нұрғабден Б.М.**
Әлеуметтік қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын құқықтық қатынастар негізінде жетілдіру қажеттілігі: ғылыми контекст.....30
7. **Умирзакова М.А.**
Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда отбаслық бизнесті дамыту жолдары.....35
8. **Абетова З.Т.**
Инновации в образовании: социальные ожидания, установки студенческой молодежи.....42
9. **Асет Л.Е.**
Кейс-менеджмент на уровне первичной медико санитарной помощи.....50
10. **Әбдікерова Г.О.**
Әлеуметтік жұмыстың медико-әлеуметтік аспектілері.....54
11. **Уашева А. К., Құрақ Б. Ә.**
Психикалық денсаулығында ауытқушылықтары бар адамдарды әлеуметтік-психологиялық оналту.....60

12. Асет Л.Е. Неблагополученная семья и проблемы внутрисемейных отношений.....	67
13. Әлмұрат Д.Қ. Интернеттің жастар психологиясына және өмір сүру салтына әсерін анықтау.....	80
14. Байғабылов Н.О.; Мұсабаева А.Б. Репатрианттармен әлеуметтік жұмыс жасау қажеттілігі бүгінгі күні талабы.....	86
15. Берикболова У.Д. Дисфункционалды отбасы: пайда болу себептері, ерекшеліктері, әлеуметтік қорғау шаралары.....	91
16. Жандуллаев Ж. Т., Кәмен Д. Қ. Әлеуметтік геронтология әлеуметтік жұмыстың бір бағыты ретінде.....	98
17. Жұмабек С. Қалалық көше жарнамасындағы мәселелерді және оны шешу шараларын талдау.....	102
18. Коняхина А.А. Профликатика социального сиротства: основные подходы.....	106
19. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Сатаева С.Х. Модель технологии кейс-менеджмента в работе с лицами, страдающими от ожирения.....	111
20. Урузбаева Г.Т.; Карим Ж.; Аубакирова А.К. Учебно-методические основы обучения анализу кейс студентов будущих социальных работников.....	117
21. Шингизбаева М. Н. Балама жазалардың түрлері заңнаманы ізгілендіру тәсілі ретінде... ..	122
22. Смагамбет. Б.Ж. Қамқорлық – заманауи әлеуметтанудың объектісі.....	127
23. Исахова Г.Д. Қазақстандағы ажырасудың әлеуметтік экономикалық салдары: балаларға алимент төлеу бойынша мәселелер.....	131
24. Исаханова А.А., Даулетова Д.М. Социальная реклама в современных реалиях.....	136
25. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Аралбай А.А. Технология CASE WORK как исследование идентификации клиента.....	140
26. Аширбаева Ф.М. Қазіргі заманғы көші қон мәселелері.....	145
27. Отар Э.С. Адаптация среднего класса Казахстана к постсоциалистической действительности.....	150

- 5.Хельма Лютц Ержүректілік және әке болу: мигрант әйелдердің серіктестері, Сонда, 31-33 б.
- 6.Юен Тео Сингапур, бала күтіміне арналған керемет орын... кім үшін?, Сонда,33-35 б.; Пей-Чиа Лан Жапонияда күтуші мигрант-жұмыскерлерді жалдау және оқыту, Сонда,35-37б
- 7.Адель Блэкетт Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) үй қызметкерлері үшін лайықты еңбек стандарттарын тағайындауы, Сонда, 24-26 б.
- 8.Сабрина Марчетти Ақылы үй жұмысын жаһандық басқару, Сонда, 29-31б.
- 9.Крис Тилли, Джорджина Рохас, Ник Теодор Үй қызметкерлерінің сектор аралық ұйымдасу тарихы, Сонда, 26-29
- 10.Сабрина Марчетти, Хелен Швенкен,Мэри Голдсмит, Сонал Шарма, Лиза-Мари Хеймшоф, Верна Виажаржәне Оксана Балашова Үй қызметкерлерінің құқығын зерттеушілер желісі, Сонда,39-41б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЖЫРАСУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫ: БАЛАЛАРҒА АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ БОЙЫНША МӘСЕЛЕЛЕР

Исахова Гулазия Дүйсенхановна
Л.Н.Гумлиев атындағы ЕҰУ
әлеуметтік жұмыс магистрі, аға оқытушы
Қазақстан, Нұр-Сұлтан

Некенің заңды түрде бұзылуы ерлі-зайыптылардың ресми түрде ажырасуына алып келеді, дегенмен, ол неке заңды түрде тоқтатылғанмен ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдары бірнеше жылға созылатын процесс. Ажырасу, ол тек екі жұптың арасындағы жеке шешіммен ғана шектелмейді, ажырасудың салдары қоғамға да, ажырасқан адамдардың әлауахатына да, баланың өміріне де әсер етеді.

Ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдарының бірден-бір компоненті, ол, ажырасқан отбасындағы кәмілеттік жасқа толмаған балаларға төленетін алимент болып табылады. Қазіргі кезде, біздің қоғам үшін ажырасу мәселесі өзекті мәселеге айналып отыр, оған дәлел ретінде соңғы үш онжылдықтың статистикалық мәліметтерін келтіруімізге болады. Қазақстан Республикасындағы ажырасу бойынша статистикалық мәліметтердегі көрсеткіштерді қарастыратын болсақ:

- 1990 жылы ажырасу саны – 43327
- 2000 жылы ажырасу саны – 27391
- 2017 жылы ажырасу саны – 54626

Яғни, бұл көрсеткіштер бойынша, қазіргі кезде Қазақстанның 1000 адамға шаққанда әрбір үшінші (3,03) некелескен азаматы ажырасқан [1].

Осы үш онжылдықтағы көрсеткіштерді макро деңгейде қарастырап болсақ, стресстің тұрақсыздығы теориясының (relational stress theory) болжамы бойынша макроэкономикалық дағдарыс кезінде ажырасудың деңгейі жоғары болады [2].

Ал, Қазақстанда 1990 жылы егемендік алған жылы және де экономикалық дағдарыс болған жылдар болып саналады. Егер ажырасу фактісі мемлекеттің экономикасына тәуелді деп қарастыратын болсақ, онда не себептен 2017 жылдың ажырасу бойынша саны 1990 жылдан басым болып тұр? деген сұрақ туындайды. Осы тұста ажырасудың себебі тек экономикамен байланысты емес, яғни қоғам тарапынан оған әсер ететін басқада әлеуметтік факторлар болуы мүмкін деп болжауға болады. Қосымша әсер етуі мүмкін факторларға мысалы келтірсек, олар: бала санының артуы, некелесудің артуы, адамдарда отбасылық құндылықтардың трансформациялануы, әйелдердің экономикалық эмансипациясы т.б.

Ажырасудың салдары ретінде жалғасатын бірден-бір процесс, ол ажырсақан балалы отбасылардың алиментті алуы бойынша туындайтын сұрақтар болып табылады. Соның ішінде, әкенің немесе ананың балаға алимент төлеуден бас тарту немесе жалтару, жалақы көлемін азайту арқылы аз көлемді алимент төлеу. Және де соңғы кезде көп кездесетін жағдайдың бірі, әкенің немесе ананың, неке заңды түрде бұзылған соң баланың өмірінен мүлдем алшақтауы.

Алимент төлемеу немесе уақытылы алиментпен қамтамасыз етілмеуі ана мен баланың әл-аухатының төмендеуіне алып келетін жағдай. Сондықтан да, алиментті өндіру бойынша мәселелер қазақстандық қоғамда қазіргі кезде тек ғана талқыланып қоймай, атқарушы органдардың сол мәселе бойынша шешуге бағытталған іс-шараларын да атқарып отыр.

Заңның негізінде, алименттің көлемі мен ата-ананың бала алдындағы атқаратын міндеттері айқындалғанымен, алимент төлеуде көбінде алимент төлеуші тараптың мүмкіндігінің жетпеуі немесе алимент төлеуден бас тарту сияқты мәселелер қоғамдық мәселеге айналууда. Сондықтан да, біздің осы мақала шеңберінде қарастыратын сұрақтарымыз, Қазақстан республикасында алимент көлемі қандай? Қазақстанда алимент төлеуші тараптардың алимент төлеуден бас тарту фактілері қаншалықты өзекті мәселеге айналып отыр? Мемлекет тарапынан алиментті өндіру бойынша қандай іс-шаралар жүзеге асырылып отыр?

Қазіргі кезде алимент төлеу бойынша мәселелер отандық және шетелдік ақпарат көздерінде жиі талқыланып келеді. Қазақстандық ақпарат құралдардағы алимент мәселесіне қатысты қозғалатын тақырыптарда, көбінде алимент төлеуден жалтару немесе бас тарту сияқты фактілердің орын алып отырғандығын айтады.

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» туралы заңына сәйкес ата-анасы ажырасқан жағдайда балаға төленетін алимент туралы бекітілген талаптары бар. Осы заңның 5-бөлімі «Отбасы мүшелерінің алименттік қатынастары» деп аталады, бұл бөлімде ата-аналардың кәмілеттік жасқа толмаған балаларын асырап бағу міндеттері, алимент өндіру

талаптары, әкесі баласына алимент төлеу мүмкіндігі болмаған жағдайда ата-әжелерінің жағдайы келсе солардың төлеуі міндеттері енгізілген. Заң бойынша өндірілетін алименттің көлемі бала санына, баланың жас ерекшелігіне және де алимент төлеуші тараптың кіріс көзінің көлеміне байланысты өзгеріп отырадығыда ескерілген [3]. Яғни, алименттің көлемі базалық минималды өлшеммен бекітілмейді. Алименттің көлемі алимент төлеушінің жалақы мөлшеріне және егер жұмыссыз болса мемлекет тарапынан бекітілген орташа жалақы көлеміне байланысты өзгеріп отырады.

Қазақстанда алименттер төлеуші тараптың кез-келген кіріс көзінен өндіріліп алынады. Яғни, ҚР-да алименттің минималды көлемі бекітілмеген. Алимент мөлшері келесі факторларға байланысты:

- ата ана арасында төлемнің көлемі жазылған келісімнің болуы;
- бала саны;
- кіріс көз деңгейі;
- алимент төлеуші ата ананың кіріс көзінен төлеу талаптары.

Сонымен қатар, алимент төлеудің көлемінен бөлек, мезімдеріне де қатысты да талаптар ескертіледі, олар: үнемі, бір реттік, жалпы кіріске үлес ретінде, мүлікті ұсыну ретінде, басқа да жағдайларға байланысты.

Бала санына байланысты төлемдерге қатысты қарастырар болсақ, онда мынадай талаптар бар:

- кәмелеттік жасқа толмаған бір бала болса, алимент төлеушінің кіріс көзінен 25% төлем алынады;
- кәмелеттік жасқа толмаған екі бала болса, алимент төлеушінің кіріс көзінен 1/3 бөлігінен төлем алынады;
- 50% үш бала немесе оданда көп бала болған жағдайда.

Сот бойынша кей жағдайларда алимент көлемі ұлғайып немесе қысқарып отырады, оған себеп екі тараптың отбасылық және материалдық жағдайына байланысты болады.

Жоғарыда келтірген мәлімет бойынша, алимент көлемі алимент төлеуші тараптың кіріс көз деңгейіне, материалдық жағдайына байланысты өзгеріп отырады. Заң бойынша тікелей алименттің бекітілген минималды көлемі болмағанымен, алименттің көлемі, алимент төлеушінің жалақы мөлшеріне байланысты болып отыр.

Егер алимент төлеуші жұмыссыз болған жағдайда «Неке және отбасы» 169 Кодекс бойынша ҚР-да бекітілген орташа жалақы мөлшерінен бала санына байланысты нақты ақшалай соммасы бекітіледі [4]. Мысалы, 2018 жылға Қазақстан Республикасы бойынша бекітілген орташа жалақы 152,442 теңге құрады [5]. Осы мәліметтерді ескере отырып, кәмелеттік жасқа толмаған бір балаға жұмыссыз алимент төлеуші әкесі немесе анасы, айына балаға 38 110 теңге көлемінде алимент төлеуге міндетті.

Алимент көлемі заң бойынша бекітіліп, анықталғанымен практикада алимент төлеуден бас тарту немесе жалтару фактілері өте көп. Алиментті өндіру бойынша Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің атқарып отырған іс-шарасын айтуымызға болады [6]. Құқықтық статистика және арнайы

есепке алу жөніндегі комитетінің сайт парақшасында алимент төлемеген тұлғаларды іздеу шарасы жүзеге асырылады. Онда алимент төлемей жүрген азаматтардың аты-жөні мен фотографиялары жүктелген және арнайы іздеу құралы арқылы аты жөнін терсеңіз сол адамның алимент төлемей жүргенін анықтай аласыз. Сайт парақшасын ақтара отырып біз, алимент төлеуден тек ер адамдардың ғана емес, әйел адамдардың да бас тартқанын көреміз. Осы тұрғыда баланы материалдық тұрғыда қамтамасыз етуден бас тартқан тұлғалардың басым екендігін көруімізге болады.

2014 жылы британдық журнал «Economist» ажырасу бойынша елдер арасында Қазақстан бірінші оңдыққа кірген. Сонымен қатар, атқарушы органдардың 2015 жылғы көрсеткіштері бойынша 370 480 балаларды қамтамасыз ету үшін алимент өндіру бойынша 279 386 құжаттар тіркелген. Және де бұл көрсеткіш жыл сайын өсіп келеді [7].

Алиментті өндіру бойынша жұмыстарды атқару барысында Қазақстан республикасының Бас прокуратурасы 985 алимент өндіріп алуға өтініш бергендер мен 981 алимент төлеуге міндетті адамдар арасында сауалнама жүргізген. Зерттеудің нәтижесінде, алимент төлемеудің объективті және субъективті себептері анықталған. Алимент төлемеудің объективті себептеріне:

- а) жұмыссыз және тұрақты кірістің болмауы;
- б) бас бостандығынан айыру мекемесінде болғаны үшін;
- в) жұмыс берушінің кінәсінен жалақы алмайды;
- г) жұмыс істемейді, себебі кәмілеттік жасқа толмаған ата-ана болғандықтан;
- д) еңбекке қабілетсіз болғандықтан.

Алимент төлемеудің субъективті себептері бойынша:

- а) баламен қарым-қатынас келтіргені үшін алимент өндіруші арасында теріс қатынас орнағаны үшін;
- б) сенбейді, себебі төленген алименттің қайда жұмсалатынын білмегендіктен;
- в) қарызды өтеу үшін ғана жұмыс жасағысы келмейді;
- г) алиментті төлеу процедурасын білмегендіктер (түсіндірмелік ақпараттың болмауы) [6, 11-12 б].

Жалпы, алимент төлеуден бас тарту немесе жалтару бойынша мәселелер тек қазақстандық қоғамға ғана тән емес, шетелдік әдебиеттерде де осы мәселе кеңінен талқыланады. Және де, алимент өндіру бойынша, оның себебін анықтау бойынша көптеген зерттеу жұмыстары да баршылық. Мысалы, Ресейлік мәліметтерді қарастыратын болсақ социолог Т.А.Гурконың айтуынша, Ресейде ажырасудан кейін балаларға деген қарым-қатысты қатынас көбінде реттелмеген. Көптеген әкелер алиментті ақылға қонымды мөлшерде төлеуге дайын, бірақ есесіне баланың бауыр басқанын, қартайған шағында қамқор болатындығын қалайды [8].

Ресейлік және басқада әлеуметтік зерттеу жұмыстарының мәліметтері бойынша, әкелерінің балаларына алимент төлегісі келмеудің негізгі себептері, көбінде баланы қамқорлығына алған анасына деген реніші,

отбасыдан кеткен әкенің баламен жеткіліксіз қатынаста болуы. Қаншалықты бұрынғы отбасымен қарым қатынас тығыз болса, соншалықты әкенің алимент төлемеу жағдайы аз болады. Баланың материалдық қамтылу құқығының бұзылуына әсер ететін тағы бір жағдай, анасының антисоциалды өмір салтын сүретін әкемен қарым-қатынас жасағысы келмейтіндігінде. Кейде әйелдердің алиментті өндіріп алғысы келмейтін жағдайлар, бұрынғы күйеуінің отбасын тастап кеткеніне деген реніш немесе ажырасуды өзі бірінші болып шешім қабылдағандықтан өзін кінәлі сезіну жағдайларынан болады. Кедей аудандар мен кішігірім қалаларда алимент өндіруге өтініш бермеудің себебі әлеуметтік-экономикалық сипатта болады, мысалы, бұрынғы күйеулерінің жұмыссыз болуы [9].

Ал, АҚШ-ты қарастыратын болсақ, зерттеушілер алимент төлемеудің негізгі себебі кедейлік пе? Жоқ әлде адамдардың эгоистік қасиеттерінен бе? Деген сұраққа жауап іздеуде американдық отбасыларды ұлттық деңгейде зерттеудің (NSAF) көрсеткіштерін талдайды. Ұлттық деңгейдегі зерттеудің сауалнамасы негізінен үй шаруалығына, отбасы мүшелеріне, кіріс көздердің көлемі мен жұмысбастылыққа қатысты сұрақтарға негізделген. Дегенмен зерттеудің нәтижесінде қанша отбасыдан кеткен (ажырасқан) ер адамдар мен әйел адамдардың және балалардың сандық көрсеткіштері алынған. Алимент бойынша мәселелерді қарастыруда, зерттеушілер алимент төлемейтін ер адамдардың барлығы кедей дегенді білдірмейді деген қорытындыға келеді. Өйткені 2,5 миллион отбасыдан кеткен ер адамдардың барлығын кедей деп айту мүмкін емес. Себебі, алимент төлемеген ер адамдардың 44 пайызының қаржылық қиындығы жоқ және кедейлік деңгейінен жоғары деңгейде өмір сүретін ер адамдар.

Алимент төлемейтін кедей топтарғы адамдарға мигранттар мен этникалық топтар және түрмедегі немесе түрмеден шыққан ер адамдар, мүмкіншілігі шектеулі адамдар жатады екен. Олардың тұрақты жұмысқа орналаса алмау себебіне әсер ететін негізгі факторларда бар. Олар, біріншіден-білімдері төмен; екіншіден-еңбек өтілі аз; үшіншіден-денсаулықтары нашар болып келеді. Сондықтан да, бұл топтағы адамдарға еңбек нарығында жұмысқа орналасу қиын. Зерттеу нәтижесінде, алимент төлемеудің негізгі себебі кедейлік, жұмыссыздық мәселелеріне ғана тәуелді емес, оған әсер ететін басқада факторлар бар деген қорытындыға келеді [10].

Мақаланың қорытындысында, отандық және шетелдік мәліметтерді талдай келе, алимент төлемеудің себептерін анықтау бойынша әр елдің өзіндік атқарып отырған жұмыстары бар екендігін көреміз. Қазақстандық шынайылықта ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдары, соның ішінде алимент мәселесімен Бас прокуратура жұмыс жасағанымен де, ажырасудың салдары толық емес отбасылардың материалдық қиындығының негізі болу арқылы өзекті мәселеге айналып отыр.

Сондықтан да, алимент төлемейтін тұлғаларды мемлекет тарапынан жазалап ғана қоймай, алимент төлемеудің салдары баланың өміріне, әлаухатына қаншалықты зиян екенін дәріптейтін қосымша ақпараттық құралдар қажет. Және де, Қазақстанда алимент төлеуден бас тарту немесе

жалтaру мәселесі не себептен жылдан-жылға артып келе жатқандығын анықтайтын арнайы әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізу керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeGenderInd7?_afLoop
2. Hannan M.T., Tuma N.B., Groeneveld L.P. Income and marital events: Evidence from an income-maintenance experiment // Amer. j. of sociology. – Chicago, 1977 N 40. – P. 195–206 б.
3. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» заңы 2004.12.20 N 13
4. <https://finbiz.kz/alimentyi-v-kazahstane>
5. <http://24.kz/ru/news/social/item/238948-srednemesyachnaya-zarplata-v-rk-za-pervyj-kvartal-2018-goda-152-4-tys-tenge>
6. http://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Alimony?_piref36
7. Проект «Алименты. 30 шагов против неуплаты» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39564154#pos=574;-111
8. Гурко, Т. А. Алименты. Фактор качественного и количественного воспроизводства населения // Социологич. исслед. 2008. № 9. С. 110–120.
9. О. В. Убалехт Правовые проблемы взыскания и уплаты алиментов в России и странах континентальной семьи права. Вестник Челябинского государственного университета. 2010. № 19(200).Право. Вып. 24. С. 66–69.
10. Elaine Sorensen, Chava Zibman Getting to Know Poor Fathers Who Do Not Pay Child Support. Social Service Review, Vol. 75, No. 3 (September 2001), pp. 420-434

СОЦИАЛЬНАЯ РЕКЛАМА В СОВРЕМЕННЫХ РЕАЛИЯХ

Исаханова Асель Алимахановна

доктор PhD, старший преподаватель кафедры социологии

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,

Даулетова Дилназ Маратовна